

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и
науки Республики Казахстан**



Астана қаласы

2016 жылғы 12 маусым

Баспасөз хабарламасы

**Алматы қаласында «Экспо-2017» шеңберінде «Қазақстан – менің елім»
жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің
республикалық форумы өткізіледі**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Ұрпақ+» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында «Экспо-2017» шеңберінде «Қазақстан – менің елім» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізеді.

Форумның мақсаты – балалардың қоршаған ортаның экологиялық жағдайының мәселелерін зерттеуге тартуға, қуат көзінің баламасын қолдану идеясын дәріптеуге, жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға, оқушылардың кәсіби өзін-өзі тануына, қоғамдық өмірге бейімделуіне, бос уақытын маңызды өткізуге жағдай жасау.

Форумның қатысушылары жас өлкетанушылар, экологтар және табиғат зерттеушілердің өңірлік форумының жеңімпаздары болып табылады (барлығы 160 қатысушы). Форумның бағдарламасында «ЭКСПО - 2017» арналған «Жасыл ғаламшар» шығармашылық жұмыстар көрмесі, энергияны сақтау мәселелеріне, табиғат ресурстарына ұқыпты қарауға бағытталған әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобаларын қорғау, «Экообъектив» фотобайқауын өткізу қарастырылған.

Республикалық форумды өткізу экологиялық тәрбие қалыптастыруға, азаматтық өзін-өзі қалыптастыруға, республиканың білім беру ұйымдарында экологиялық қызметті жандандыруға жағдай жасайды, әр өңірде осы бағыттың даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Форумның барлық қатысушылары сертификатпен, ал жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпараттар үшін мына телефон нөмірлеріне хабарласыңыздар: 8 (7172) 24-93-08; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.